

Қазақстан Республикасының мұнайгаз саласына шетел инвестицияларын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 ақпан N 201

Экономикалық мұнайгаз секторында құрылымдық қайта жаңартулар жүргізу және оны жекешелендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі Н.Ө. Балғымбаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "Экксон Сентрал Эйше Лимитед" фирмасымен келіссөз жүргізу және Негізгі принциптер туралы келісімге / НПК/ және басқа құжаттарға қол қою, сондай-ақ НПК және барлық басқа да келісімдер мен соған ілеспе құжаттарды келісуге және орындауға байланысты тиісті консультанттарды тарту тапсырылсын. <*>

Н.Ө. Балғымбаевқа тиісті өкілеттік сертификаты берілсін.

Ескерту. 1-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРМК-нің 1996.02.22.

N 231 қаулысымен.

Р960231_

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар Келісімді жүзеге асыру үшін қажетті рұқсаттар, лицензиялар берсін және жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі